# 2004-2005 оқу жылында Астана қаласының оқу орындарында жастардың бастапқы әскери даярлығын өткізу туралы

## *Күшін жойған*

Астана қаласының әкімінің 2004 жылғы 21 қыркүйектегі N 3-1-381 шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 20 қазанда N 356 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 9 желтоқсандағы N 06-22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.09 N 06-22 шешімімен

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 карашадағы N 1340 "Бастапқы әскери даярлау туралы" Қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімі **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2004-2005 оқу жылына арналған Астана қаласының оқу орындарындағы жастардың бастапқы әскери даярлығын ұйымдастыруды және өткізуді жақсарту жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары бекітілсін (1-қосымша).

2. Астана қаласының оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлау, шақырылу жасына дейінгі және шақырылу жасындағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайындығы жағдайын тексеру жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін (2-қосымша).

3. Астана қаласының оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлау, шақырылу жасына дейінгі және шақырылу жасындағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайындығының жағдайын тексеру бағдарламасы бекітілсін (3-қосымша).

4. 2004-2005 жылдарға арналған жастардың бастапқы әскери даярлығын ұйымдастыруды және өткізуді жақсарту жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспарын орындауға жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелер, ұйымдар іс-шараларды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдансын.

5. Астана қаласы әкімінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 3-1-20 "Астана қаласының оқу орындарында жастардың бастапқы әскери даярлығын ұйымдастыруды және өткізуді жақсарту жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" (Астана қаласының Әділет басқармасында 2002 жылғы 10 қазанда N 225 болып тіркелген; 2002 жылғы 2 карашадағы N 127 "Вечерняя Астана", 2002 жылғы 19 қазандағы N 138 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған)

шешімінің күші жойылды деп табылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е.Толыбаевқа жүктелсін.

*Астана қаласының әкімі*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*Әкім аппараты құжаттамалық сараптама бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы*

КЕЛІСІЛДІ

*"Алматы" ауданының әкімі*

*"Сарыарқа" ауданының әкімі*

*Денсаулық сақтау департаментінің директоры*

*Білім департаментінің директоры*

*Туризм және спорт департаментінің директоры*

*Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының бастығы*

*Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы*

*Қаржы Департаментінің директоры*

*Ішкі саясат Департаментінің директоры*

Астана қаласы әкімінің
2004 жылғы 21 қыркүйектегі
N 3-1-381 шешіміне
1-қосымша

**2004-2005 жылына арналған Астана қаласының оқу орындарындағы жастардың бастапқы әскери даярлығын ұйымдастыруды және өткізуді жақсарту жөніндегі негізгі іс-шаралар ЖОСПАРЫ**

| р/с N | Іс-шаралар атауы | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Бастапқы әскери даярлау (бұдан әрі - БӘД) басшылығы. | | | |
| | Астана қаласының оқу орындарында БӘД, жастар. дың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайындығының жағдайына тексеру жүргізу. | Кестеге сәйкес | | Кешенді комиссия |
| | Бастапқы әскери даярлау және жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу барысы туралы комиссия жұмыстарының нәтижелерін қала әкімі аппаратының және Білім департаментінің отырыс. тарында қарау және талдау, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдану. | 2005 ж. ақпан 2005 ж. мамыр | | Қала әкімінің аппараты, Білім департа. менті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент |
| 2. | БӘД, жастардың әскери-патриоттық тәрби. биесі мен дене шынықтыру дайындығының жағдайына талдау жүргізу. | Ай сайын БӘД оқытушы- ұйымдастыру. шыларының оқу әдісте. мелік жиынында | | Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Білім департаменті |
| 3. | Қазақстан Республика. сы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1340 "Алғашқы әскери даярлау туралы" қаулысының | 2005 ж. маусым | | "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері, Білім департа. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | талаптарын жүзеге асыру мақсатында АӘД ұйымдас. тырушы оқытушылармен, аудандар әкімдері аппа. раттарының, Туризм және спорт департаментінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық басқармасының, Денсаулық сақтау департаментінің, Қаржы департаментінің әскерге шақырылу жасына дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірім. дермен айналысатын мамандарымен әскери-патриоттық тәрбие мен жастардың дене шынықтыру дайындығын, АӘД-ты ұйым. дастыру мен өткізуді жақсарту мәселесін қарастыратын бірлескен кеңес дайындап, өткізу. | | менті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Қаржы департа. менті, Денсаулық сақтау департа. менті, Туризм және спорт департа. менті |
| 4. | БӘД өткізудің оң тәжірибелерін қорытынды. лау және қаланың оқу орындары арасында тарату. | 2005 ж. наурыз | Қорғаныс істері жөніндегі депар. тамент, Білім департаменті |
| 5. | Шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдермен 3 күндік оқу-далалық жиындар жоспарлау және ұйымдас. тыру. Гарнизон комендан. тымен Калашников автома. тынан соғыс оғымен атыс жүргізудің мерзімін, орнын және тәртібін | 2005 ж. мамыр | Гарнизон комен. данты, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Білім департа. менті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | келісу. Басқарушы нұсқа. малық құжаттамалар әзірлеу. |
| 6. | "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарында қорғаныс-спорттық сауық. тыру лагерьлерін (ҚССЛ) құру үшін бюджеттен қаржы қарастыру. Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департамент. | 2005 жылға арналған қала бюдже. тін қабыл. даганға дейін | "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері, Білім департа. менті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент пен келісу. |
| 7. | БӘД, жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайынды. ғы жағдайының мәселеле. рін қарау: | | Әкім аппараты |
| | қала әкімі аппаратының мәжілісінде; | 15.03.2005 ж. дейін | Оқу орындарының директорлары |
| | оқу орындарының педаго. гикалық кеңес отырыста. рында; | 15.12.2004 ж. дейін 15.05.2005 ж. дейін | |
| | Астана қаласы Туризм және спорт департаменті. нің мәжілістерінде; | 15.12.2004 ж. дейін 15.04.2005 ж. дейін | Туризм және спорт департа. менті |
| | штаттан тыс-әдістеме. лік кеңестердің отырыс. тарында. | 15.12.2004 ж. дейін 15.05.2005 ж. дейін | Қорғаныс істері жөніндегі департамент |
| 8. | Оқу орындарында БӘД оқытушы-ұйымдастырушы. лары лауазымына үміткер. лерді іріктеу бойынша жұмыс жүргізу. | Тұрақты | Қала оқу орындарының директорлары, Қорғаныс істері жөніндегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | департамент |
| 9. | Оқу орындарының директорларына БӘД мен жастардың, әскери-пат. риоттық тәрбиесін ұйым. дастыру және өткізу, БӘД оқытушы-ұйымдастырушыла. рын дайындау, оқу-мате. риалдық база құру мәселе. лері бойынша бақылауды жүзеге асыру және көмек көрсету. | Оқу жылы ішінде | Білім департаменті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент |
| 10. | БӘД бөлмелерін қазақ және орыс тілдерінде БӘД бойынша жаңа плакаттармен жабдықтау (1 бума - 40 плакат. Бағасы - 2800 т., 12 сериялы 12 кассета, 1 кассета - 550 теңге) | 01.07.2005 ж. дейін | Оқу орындарының директорлары |
| 11. | Қаланың оқу орындары. ның арасында "үздік БӘД бөлмесі", "Үздік оқытушы - ұйымдастырушы" атты байқау өткізу. | тоқсан сайын | Білім департаменті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент |
| 12. | Оқу орындарын оқу мүліктерімен және жарақ. тарымен, азаматтық қор. ғаныс және медициналық білім негіздері бойынша химиялық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету шараларын қабылдау. | 2005 ж. қаңтар | Білім департаменті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Төтенше жағдай. лар жөніндегі басқарма. |
| 13. | Білім мекемелерінде "Ақ-сұңқар", "Алау", | Жыл сайын оқу-жылы | Білім департаменті, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | "Жас қыран" әскери-спорт. тық ойындарын ұйымдас. тырып, өткізу. | кезеңінде | Қорғаныс істері жөніндегі департамент |
| 14. | Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні құрметі. не қаланың оқу орындары мен әскери кафедралары арасында байқау, "Патриот" әскери-спорт. тық акциясын өткізу. | 2004 ж. желтоқсан | Білім департаменті, Ішкі саясат департаменті (келісім бойынша) |
| 15. | БӘД және әскери қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдас. тырып, өткізу. | 2004 ж. желтоқсан, 2005 ж. мамыр | Білім департаменті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, "Отан" ҚБ. |
| 16. | Далалық оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу:<br>а) оқу орындарының 11 сынып оқушылары үшін;<br>б) кәсіби мектептерді бітіруші курс оқушылары үшін 10 күндік жиындар (60 сағат);<br>в) Оқу орындарында БӘД өтпеген шақырылу жасындағы жасөспірімдер үшін. | <br><br>2005 ж. мамыр-маусым<br>2005 ж. маусым | Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Білім департаменті, Оқу орындары. ның директор. лары Қазақстан Республикасы Қарулы күште. рі қатарына шақырылу алдында |
| 17. | Оқу орындарындағы БӘД оқытушы-ұйымдастырушыла. рымен 3 күндік оқу-әдіс. темелік жиынды дайындап өткізу. | 2005 ж. ақпан | Қорғаныс істері жөніндегі департамент |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18. | АӘД бойынша оқу орындарындағы арнайы мүліктің есебі, сақталуы, қолданылуы жағдайына өмір тіршілігінің қауіпсіздік негіздері (ӨҚН) мен төтенше жағдайлар (ТЖ) бойынша бақылауды жүзеге асыру. Күзетшілердің қызмет жағдайын жүйелі бақылауға алу. | Тұрақты | Оқу орындарының директорлары |
| 19. | АӘД ұйымдастырушы-оқытушылармен жастардың өткен сабақ материалдарын игеруін бақылауды жүргізу. АӘД бойынша оқудың басталуы мен аяқталуы туралы, взвод пен бөлім командирлерін тағайындау туралы бұйрықтар шығару. АӘД жағдайы мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мәселесі туралы ақпаратты Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментіне ұсыну. | Оқу жылы ішінде | Оқу орындарының директорлары, Білім департаменті (келісім бойынша) |
| 20. | 2004 оқу жылына арналған АӘД пен әскери патриоттық жұмыстарды қорытындылау. Өткен оқу жылындағы АӘД жайы туралы қорытынды баяндаманы өзінен жоғарғы органдарға (келісім бойынша) ұсыну. | 25.12.2004 ж. дейін | Білім департаменті, Денсаулық сақтау департаменті, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Туризм және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | спорт жөніндегі департаменті, Төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма |
| 21. | "Денсаулық" Бағдарламасының өткізілу барысына, әскерге шақырылу жасындағы жасөспірімдердің психофизикалық және адамгершілік денсаулығын қалыптастырудағы тиімділігін талдауға бақылауды жүзеге асыру. | Тұрақты | Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Білім департаменті, Денсаулық сақтау департаменті (келісім бойынша) |
| 22. | Алғашқы әскери дайындықты өткізу, әскери-патриоттық тәрбие мен дене шынықтыру барысы туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті мен Астана қаласы әкімінің аппаратына ақпарат беру. | Тоқсан сайын | Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті |

Астана қаласы әкімінің
2004 жылғы 21 қыркүйектегі
N 3-1-381 шешіміне
2-қосымша

**Астана қаласының оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлау, шақырылу жасына дейінгі және шақырылу жасындағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайындығы жағдайын тексеру жөніндегі**

**комиссия**
**ҚҰРАМЫ**

Жантеміров Вячеслав Әбілұлы - қаланың әкімі аппараты мемлекеттік құқық бөлімінің жұмылдыру жұмыстары жөніндегі бас маманы, комиссия төрағасы;

Сағынаев Марат Шолпанұлы - қаланың Қорғаныс істері жөніндегі департаменті 2-ші (шақыру) бөлімі бастығының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Казимирчик Роман Викторович - Туризм және спорт департаментінің бөлім бастығы;

Сүндетов Ғабит Насырұлы - Білім департаментінің кәсіби білім беру бөлімнің бас маманы;

Просалова Нина Ивановна - Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы дайындау және оқыту орталығының бастығы (келісім бойынша);

Тоқампаева Елена Шаймұратқызы - Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті балалар мен жасөспірімдер гигиенасы бөлімінің меңгерушісі.

Астана қаласы әкімінің
2004 жылғы 21 қыркүйектегі
N 3-1-381 шешіміне
3-қосымша

**Астана қаласының оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлау (БӘД), шақырылу жасына дейінгі және шақырылу жасындағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі мен дене шынықтыру дайындығының жағдайын тексеру**
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

---

| Жұмыс сағаты | Кім тексеріледі | Не тексеріледі | Кім тексереді | Тексеру әдісі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-ші сағат | Оқу орындары: | Оқу орындарындағы БӘД, жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі және дене шынықтыру дайындығының жағдайы туралы. | Комиссия | Дайындалған құжаттарды тыңдау, олардың болуын және орындалуын тексеру |
| | Оқу орнының директоры | Оқу орны дирек. торының БӘД басталуы, оқу топтарын құру, взвод және бөлімше командирлерін тағайындау туралы бұйрығы. | | Әскери-патриоттық жұмыс жоспа. рының және басқа құжат. тардың, көрнекі үгіт-наси. хаттың болуын тексереді |
| | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары | Әскери-патриоттық тәрбие және жастарды патриот. тық тәрбиелеу бойынша көрнекті үгіт-насихат жағдайы. Әскери патриоттық тәрбие бойынша жұмыс жоспары. | Қорғаныс істері жөнін. дегі депар. тамент жөнін. дегі өкілі | |
| сабақ. | БӘД оқытушы-ұйымдасты. рушы | БӘД оқытушы-ұйымдастырушысының әдістемелік дайын. дығы. БӘД оқу процесін ұйымдастыру жөнін. дегі құжаттардың болуы; жоспар-конспект; үлгерімі мен қатысуын есепке | Қорғаныс істері жөнін. дегі департа. менттің штаттан тыс әдісте. лік кеңесі. | АӘД тарына қатысады, АӘД оқы. тушы-ұйымдас. тырушысының журналы, конспек. тілері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | алу журналы; БӘД жөніндегі бағдарламаның орындалуын тексеру; БӘД жөніндегі оқу-материалдық базасын жетілдіру бойынша жоспар; әскери-техникалық мүліктің болуы. | нің өкілі | бар апталық жоспарлы сабақ кестесі. мен салыс. тырады. |
| | Дене шынық. тыру оқыту. шысы | Жасөспірімдердің дене шынықтыру дайындығының жағдайы. | Қорғаныс істері жөнін. дегі департа. менттің өкілі, Туризм және спорт департа. ментінің өкілі | Президент. тік тесттер қабылдау |
| 2-ші сағат | | Тексерісті қоры. тындылау және тексеріс актісін құру. | | Комиссия |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК